

## Бейімбет Майлин ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын бекіту туралы

Қостанай облысы Бейімбет Майлин ауданы мәслихатының 2022 жылғы 25 қаңтардағы № 89 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 1 ақпанда № 26708 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының Экология кодексінің 365-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес ауданның мәслихаты ШЕШТІ:

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Бейімбет Майлин ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары бекітілсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Бейімбет Майлин ауданы мәслихатының хатшысы*

*С. Сапабеков*

Мәслихаттың  
2022 жылғы 25 қаңтардағы  
№ 89 шешіміне  
қосымша

## Бейімбет Майлин ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары

№	Коммуналдық қалдықтар жинақталатын объектілер	Есептік бірлік	Жылдық нормасы 1 есептік бірлікке, м3
1	Жайлы үйлер Жайлы емес үйлер	1 тұрғын	1,20 1,30
2	Қонақ үйлер	1 орын	0,52
3	Балабақшалар, бөбекжай	1 орын	0,78
4	Мекемелер, ұйымдар, банктер, байланыс бөлімшелері	1 қызметкер	0,96
5	Емханалар	1 келіп кету	0,0013
6	Ауруханалар	1 төсек-орын	1,25
7	Мектептер және өзге де оқу орындары	1 оқушы	0,10
8	Дәмханалар	1 отыратын орын	0,33
9	Концерт залдары	1 отыратын орын	0,14
10	Мұражайлар	Жалпы алаңы 1 м2	0,03
11	Стадиондар, спорт алаңдары	Жоба бойынша 1 орын	0,34
12	Спорт және би залдары	Жалпы алаңы 1 м2	0,008

13	Азық-түлік, өнеркәсіптік тауар дүкендері, супермаркеттер	Сауда алаңы 1 м2	0,19
14	Базарлар	Сауда алаңы 1 м2	0,05
15	Вокзал, автовокзалдар	Жалпы алаңы 1 м2	0,40
16	Дәріханалар	Сауда алаңы 1 м2	0,13
17	Автотұрақтар, автомобильді жуу орындары, АЖС	1 машина-орын	2,26
18	Автомобиль шеберханалары	1 жұмысшы	2,74
19	Шаштараздар, косметикалық салондар	1 жұмыс орны	1,75
20	Тігін ательесі	Жалпы алаңы 1 м2	0,13
21	Кішігірім жөндеу және қызмет көрсету орындары (кілттер жасау және сол сияқтылар.)	1 жұмыс орны	0,16